

Таным діңі

(Sapiens: Адамзаттың
қысқаша тарихы.
2 тарау)

Амангелді А.





Когнитивті революция

- 70–30 мың жылдар бұрынғы кезеңде қалыптасқан ойлау мен тілдесудің жаңа тәсілдері

100 мың жыл бұрын сапиенстер Шығыс Африкада өмір сүрген.

Олардың анатомиялық құрылымы, миы қазіргі адаммен бірдей.

Бірақ таным (когнитивті) қабілеті төмен болды.

70-30 мың жылдар бұрын когнитивті революция болды. Сапиенстер қайық, майшам, садақ пен жебе, инені ойлап тапты.

Алғашқы зергерлік бұйымдар мен өнер туындылары осы кезеңде пайда болды.

Ертеректе сапиенстер Африкадан неандертальдықтар тұрақтаған Левантқа көшкен. Бірақ қайта оралуға мәжбүр болды.

Кейін екінші рет Таяу Шығысқа қоныс аударып, неандертальдықтарды ысырып тастады.

45 мың жыл бұрын Аустралияға жетті.



Германиядағы Штадель үңгірінен
табылған «арыстан-адамның» / «арыстан-
әйел» мүсіні.

Шамамен 30 мың жыл бұрын.



Таным діңі мутациясы



- Когнитивті революцияға не түрткі болды?
- Нақты жауап жоқ.
- Танымал теория – адам миын ішкі «жемісін» өзгерткен кездейсоқ генетикалық мутация.
- Нәтижесі – ойлау қабілеті мен жаңа тіл (сөздерді, сөз тіркестерін қолдану).



Сапиенс тілінің ерекшелігі

Тілдің икемділігі

Аздаған әртүрлі дыбыстар мен ишараттардың комбинациясы арқылы алуан түрлі мағыналы шексіз сөйлемдер құрау.

Өсек айту

Адам – қоғамдық жануар. Тіл өсек айтуға құмарлықтан туындады.



Автордың теориясы

Қиялдай алу

- Адам көрмеген, естімеген, білмеген дүниелерді айта бастады.
- Ойдан туындаған нәрсені талқылау – сапиенс тілінің ерекше қасиеті.





Когнитивті революция

Шимпанзелер / Ертедегі сапиенстер

Үйірдегі шимпанзелер саны 20-50.

Үйірді альфа-аталық басқарады.

Бір-бірін құшақтап, сүйіп, битін сығып байланыстарын нығайтады.

Саны мөлшерден асып кетсе, әлеуметтік байланыс нашарлайды.

Өсек айту қабілеті

Үлкен, адам саны көп топтар қалыптаса бастады.

Өсек біріктіретін адамдар саны 150-ден аспайды.



Қиял тілі

Аңыз-әпсаналар, мифтер, құдайлар, діндер пайда болды.

Бір-бірін танымайтын үлкен тобырды миф біріктірді.

Мемлекет ұлттық мифтерге, корпорация экономикалық мифтерге, сот жүйесі құқықтық мифтерге арқа сүйейді.

Бірақ бұның бәрі қиялда ғұмыр кешеді. Шынайы өмірде Құдай да, ұлт пен корпорация да, ақша да, адам құқықтары мен заңдар да жоқ.

Peugeot

- Құқықтық фикция
- Жауапкершілігі шектеулі компания
- Peugeot компаниясының құрылуы дін қызметкерлері мен абыздар құдайды жасағанымен, Евхаристия рәсімін ойлап тапқанымен бірдей құбылыс.



Теория	Жаңа қабілет	Артықшылықтары
Тілдің икемділігі	Қоршаған орта туралы ауқымды көлемдегі ақпараттарды беру	Күрделі іс-әрекеттерді, мысалы, арыстаннан қорғанып, бизонды аулауды жоспарлап, іске асыру мүмкіндігі
Өсек айту	Сапиенстер арасындағы қатынас-тар туралы ауқымды көлемдегі ақпараттарды бере білу	Саны 150 мүшеге дейін жететін үлкен әрі ұйымшыл топтар құру мүмкіндігі
Қиял тілі	Тайпа рухы, мемлекет, ЖШС, адам құқықтары сияқты шын өмірде жоқ нәрселер туралы ауқымды көлемдегі ақпараттарды бере біл	А. Бір-бірін танымайтын көп адамның ынтымақтасу мүмкіндігі Ә. Әлеуметтік мінез-құлықтың тез бейімделуі

Тарих және биология



- Мәдениет – сапиенс тудырған әр алуан шындық пен соған сай іс-әрекет формалары.
- Тарих – мәдениеттің даму, өзгеру қозғалысы.
- Биология – тарих пен мәдениет қоршап тұрған шекара.
- Когнитивті революция – тарих биологиядан ажырайтын сәт.